



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№36 (1818)  
2 қазан  
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУ



**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры:

## Университет инфрақұрылымы айтарлықтай жаңарып келеді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев халық алдында есеп берді. Осыған орай, біз Жансейіт Қансейітұлына жолығып, бүгінгі күннің өзекті мәселелері, жүзеге асып жатқан жоба-жоспарлар, келешекте қолға алынатын игі іс-шаралар жайында сұрап білген едік. Бүгін осы әңгімені оқырман назарына ұсынып отырмыз.

– Жансейіт Қансейітұлы, қазір тарихы тереңде жатқан қарашаңырақ – ҚазҰУ-дың қайта түлеп жатқанының куәсі болып отырмыз. Көшбасшы университеттің өзге жоғары оқу орындарынан озық жүруі заңдылық сияқты, дегенмен рейтингті ұстап тұру да оңай емес екенін білеміз. Осы жайында әңгімелеп берсеңіз.

– Дұрыс айтасыз, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміз-

дің ең алғашқы жоғары оқу орындарының бірі және ерекше мәртебеге ие. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың білім беру саласын дамыту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, әлемдік білім беру кеңістігіне ену тапсырмасы бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Университет өзінің ғылыми және білім беру әлеуетін едәуір арттырып, тек ұлттық масштабта ғана емес, сонымен бірге халықаралық деңгейде де интеллектуалды өсудің драйверіне айналып

келеді. Бүгін біз жаратылыстану, инженерлік-техникалық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы 16 факультеттен тұратын көпсалалы университеттік кешен саналамыз. 140-қа жуық ғылыми және оқу-зерттеу зертханамыз бар. Медициналық диагностикалық орталық, Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Ыстықкөлдегі спорттық-сауықтыру лагерьі жұмыс істейді. Білім және ғылым министрлігіне ведомстволық бағынышты ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп, «Білім және ғылымды интеграциялау» жобасы іске асырылуда. Жоғары оқу орнының шетелдік университеттермен және ғылыми орталықтармен 500-ден астам халықаралық келісімдері бар.

Жалғасы 2-3 беттерде

## Ұлағатты ұрпақ – ұстаздан

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, әріптестері!**

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында», – деген сөзі сіздердің еңбектеріңіздің жауапкершілігі айрықша мол екенін білдіреді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Білімден шыққан сөз талаптыға болсын кез», – деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Сіздердің арқаларыңызда тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген халқымыз. Ұстазсыз адам болмайды. Бәріміз де кезінде мұғалім тәлімін алып, білімін үйрендік», – дей келе, мәртебелі мамандық иелерін лайықты қолдауға шақырған болатын.

Ел Президенті «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты биылғы жолдауында да «Мемлекет ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра беретін болады» деп қайыра атап өтті. Бұл бағытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті нақты мақсаттарды жолға қо-



йып, нәтижелі жұмыстар атқарып келеді.

Қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағында қазіргі таңда 3000-ға жуық оқытушы-профессор қызмет атқарады. Мемлекет жүктеген міндеттемеге сай, жалақы биыл екі мәрте көтеріліп, аға оқытушы – 312 мың, доцент – 389 мың, профессор 500 мың теңге алатын дәрежеге жетті. Халықаралық басылымдарда мақаласы жарияланған 234 ғалымға 74,8 млн теңге көлемінде сыйақы тағайындалды.

Жұмыс орны жанға жайлы болу үшін күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Ендігі жерде барлық аудиториялар заманға сай жаңа жиһаздармен, интерактивті тақталар және мультимедиялық құрылғылармен жабдықталады. Бүгінгі таңда 800 компьютер сатып алынып, факультеттерге үлестірілді.

Алдағы уақытта да оқытудың сапасын арттыру үшін оқытушы-профессорлар құрамын қолдау саясаты жалғасын таба бермек.

**Құрметті әріптестер! Кадірлі оқытушылар қауымы!**

Университеттің әлемдік рейтингтерде көш бастап келе жатқаны – сіздердің табанды ізденістеріңіздің жемісі. Сіздердің бүгінгі шәкірттеріңіз – Қазақстанның ертеңгі жарқын болашағы. Пандемия кезінде де оқу үдерісін тоқтатпай, онлайн форматта тиімді іске асырып, кәсіби біліктіліктеріңізді кезекті рет дәлелдедіңіздер. Шәкірттеріңізге озық білім беріп, қиын-қыстау кезеңге қарамастан, әрқайсысының бойына ең асыл қасиеттерді сіңіруге тырыстыңыздар.

Еңбектеріңіз еленіп, шәкірттеріңіз биік шыңдардан көріне берсін! Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін. Ғылым, білім жолында табысты болыңыздар!

**Мерекелеріңіз құтты болсын!**

**Құрметпен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ**



**Мақсат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

4



**Ұстаз – ұрпақ тәлімгері**

5



**Қалдықсыз технологияның «қара сарбазы»**

6

Жалғасы. Басы 1-бетте

Университеттің тарихы терең, оқытушылардың, ғалымдар мен студенттердің кәсіби деңгейі жоғары. Үздік көрсеткіштердің арқасында оқу орны жаһандық бәсекеге қабілетті. Посткеңестік кеңістікте тек екі университет әлемнің топ-200 үздік университеттерінің қатарына кіреді. Атап айтқанда, М.Ломоносов атындағы ММУ (78-орын) және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (175-орын). Сондай-ақ университет жоғары бағаға қол жеткізген, QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» артықшылық белгісіне ие болған Орталық Азия өңіріндегі алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. Университет дайындықтың 17 бағыты бойынша үздіктер қатарына кіреді.

Бұл білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін дәлелдейді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасының бағалауы бойынша, университет осы жылы «AA+» жоғары бағасын алды. Еуропаның жетекші университеттерімен бір шепте. Ұлттық рейтингтерде де Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үнемі көшбасшылық орынға ие.

**– Оқу орнының оқытушы-профессорлық құрамына тоқтала кетсеңіз. Бүгінгі жас толқын кімдерден дәріс алып, тәлім-тәрбиесін көруде? Оқытушылардың материалдық ахуалы қандай?**

– Біз университеттің кадрлық және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға ерекше назар аударамыз. Оқу процесін 2800-ге жуық білікті оқытушылар жүргізеді, олардың 70 пайыздан астамының докторлық, кандидаттық және PhD ғылыми дәрежелері бар. Университет білім ордасының кадрлық әлеуетін дамытуға ерекше назар аударады. Оқытушы-профессорлық құрамның штат саны шамамен 2,9 мыңды құрайды. Оның ішінде 1,2 мыңнан астам докторлар мен ғылым кандидаттары және 350-ге жуық PhD докторлары еңбек етеді. Университет профессорларының арасында Ұлттық ғылым академиясының 10 академигі мен жеті корреспондент-мүшесі, ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың 14 лауреаты бар. Университеттің 400-ден астам оқытушысы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегерлері. Бұл республика бойынша 20 пайыз көрсеткішті құрайды.

Грант аясында оқытушылар әлемнің жетекші университеттері – Гарвард, Йель, Стэнфорд, Берклиде біліктілік арттырды. Халықаралық конференцияларға қатысып, монографиялар мен оқулықтар шығарды. Оқытушылардың халықаралық қауымдастыққа бірігуіне үлкен көңіл бөлінеді.

100-ден астам ұстаз әлемдегі үздік 300-ге кіретін университеттерде тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ біздің оқытушылар «Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдамаға белсенді қатысады. Университеттің 40-тан астам профессоры Венгрия, Германия, Моңғолия, Франция, АҚШ, Ресей, Түркия, Өзбекстан және басқа елдердің университеттерінде дәріс оқыды.

Жетекші шетелдік ғалымдарды университетте дәріс оқуға ша-

қырдық. Олар – Уэйн Детройт (АҚШ) университетінде жұмыс істейтін белгілі математик Уәлібай Өмірбай және Кембридже жұмыс істеген белгілі нейробиолог Базылбек Давлетов.

Осы жылдың қазан-қарашасында Еуропа, АҚШ, Ресей, Түркия университетінің 35 профессоры шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы бойынша университетте дәріс бермекші. Оқытушыларды материалдық ынталандыру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Мәселен, осы жылдың өзінде жалақы екі рет өсті. Бірінші рет ақпанда 20 пайызға көбейттік. Екінші мәрте Білім және ғылым министрінің нұсқауына сәйкес, 1 қыркүйектен бастап белгіленді. Енді мұғалімнің ең төменгі жалақысы – 285 мың, аға оқытушыға – 312 мың, доцентке – 389 мың, профессорға 500 мың теңге көлемінде белгіленді.

**– Білім алушылар контингенті туралы не айтасыз?**

– Университетте шамамен 25,9 мың студент бар, оның

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры:

# Университет инфрақұрылымы айтарлықтай жаңарып келеді

ішінде: грант негізінде – 80 пайыз, келісімшарт бойынша 20 пайыз білім алады. Бакалавриатта – 21 294, магистратура мен докторантурада – 4642. Биыл шамамен 7,7 мың студент оқуға қабылданды: бакалавриатқа – 5,6 мың (73 пайыз); магистратураға – шамамен 1,7 мың (22 пайыз); докторантураға – 361 (5 пайыз). Бакалавриат үлесі өткен жылмен салыстырғанда 2,6 есе көп. Ал магистратурадағы грант иегерлерінің саны 1,2 есеге өсті. Жалпы алғанда, университет елдегі грант иегерлерінің жалпы санының шамамен 7 пайызын қабылдады. Сондай-ақ талантты жастар біздің университетте оқуды көбірек таңдауда. Егер өткен жылы «Алтын белгі» иегерлерінің саны 508 болса, осы жылы – 1058 немесе екі есеге көбейді.

Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалар жеңімпаздарының саны 2,6 есеге өсті. Сонымен қатар Назарбаев зияткерлік мектептерінің түлектері үш есеге көбейді. Жалпы, өткен жылмен салыстырғанда дарынды жастарды тарту көрсеткіші 2,2 есеге артты. Әлемнің 50 елінен 2,4 мыңға жуық шетелдік студенттер білім алып жатыр. Біз 2025 жылы шетелдік студенттердің үлесін 25 пайызға дейін жеткізу міндетін қойдық. Бірқатар шетелдерде филиалдар ашамыз: Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Армения.

Бұл қазақстандық білім беруші халықаралық аренада ілгерілетуге қосқан елеулі үлес. Биыл академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша университеттің



70 студенті Еуропа, АҚШ және Оңтүстік-Шығыс Азия университеттерінде бір семестр бойы оқымақшы.

**– Университет түлектеріне сұраныс қандай?**

– Шәкірттеріміз еліміздегі ең көп сұранысқа ие түлектер қатарында. Түлектердің жұмысқа орналасуы орта есеппен 94 пайызды құрайды. Университет түлектері барлық салада табысты еңбек етіп, қазіргі студенттерге және жалпы университетке ауқымды қолдау көрсетуде. Биыл біз әлемдегі ең жақсы университеттердің QS рейтингінде түлектердің жұмысқа қабілеттілігі бойынша үздік 201-250-ге кірдік. «Жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі» көрсеткіші бойынша университет әлемде 55-орында.

Биыл біз алғаш рет халықаралық стандарттарды ескере отырып әзірленген өз дипломдарымызды бердік. Бұл қадам университеттің беделі мен имиджін одан әрі арттырады.

**– Білім беру бағдарламаларында жаңалық бар ма?**

– Оқытушылардың 35 пайызы ағылшын тілінде сабақ береді, 2000-нан астам студент ағылшын топтарында оқиды. Биыл біз оқу бағдарламаларын айтарлықтай жаңарттық және ең өзекті әрі перспективалық бағыттар бойынша 100-ден астам жаңа оқу бағдарламасын іске қостық.

Олар: неврология, киберфизика, биологиялық инженерия, роботтық жүйелер, жаратылыстану мен инженерлік бағыттағы табиғи және технологиялық тәуекелдер. Әлеуметтік-гуманитарлық бағытта: мемлекеттік басқару және қоғамдық қауіпсіздік, цифрлық экономика, шығармашылық индустриялар, медиа-коммуникация, ақылды қала құрамы. Вирусология мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. Қазақстандық вакцина жасаушы биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп, «Вирусология» оқу бағдарламасы іске қосылды. Оқитудың тәжірибеге бағдарлануын жақсарту мақсатында 3000-нан астам ұйымдар мен кәсіпорындар арасында ынтымақтастық орнатылған, оның ішінде: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры, «Қазақтелеком», «ҚазМұнайГаз», «Қазатомөнеркәсіп», «Қазпошта» және т.б. бар.

Оқу бағдарламалары өнеркәсіппен, іскерлік ортамен, ғылыми ұйымдармен бірге жасалады. Біз сонымен қатар нақты сектор мен бизнес өкілдерін шақыру арқылы тәжірибеге бағдарлауды арттырамыз. Оқу процесін оқытудың заманауи технологияларын кешенді түрде қолдана отырып құрамыз. IT-саламен бірлесіп күрделі цифрлық білім беру ресурстары мен виртуалды тренажерлерді әзірлеуді жандандырамыз.

**– Ғылыми-инновациялық қызметке ерекше**

**көңіл бөліп, жас ғалымдар мен студенттік ғылымды қолдайтынныңды білеміз. Осы тұрғыда университет қандай жұмыстарды қолға алды?**

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – білім, ғылым және инновацияларды үйлестіретін классикалық көпсалалы университет. Бүгінде университет еліміздегі ғылыми жобалар мен ғылыми жарияланымдар саны бойынша көш бастап келеді. Рейтингтік басылымдардағы әрбір бесінші қазақстандық жарияланым университетке тиесілі.

Университеттің бес ғылыми журналы Халықаралық деректер қорына кіреді. Біздің ғалымдардың жалпы Хирш индексі 3100-ден асады. Нөлдік емес Хирш индексі бар ғалымдар мен мұғалімдердің саны шамамен 1400-ге жетті.

ҚазҰУ-дың баспа қызметі саласындағы жетістіктері халықаралық марапаттармен белгіленген. Қазақстандық ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы ҚазҰУ-дың жетекші орын растайтын ең беделді «Вэб оф Сайнс» мәліметтер базасы университетті «Ғылым көшбасшысы» сыйлығының үш номинациясымен марапаттады. Еліміздің ғылыми-техникалық дамуының маңызды басымдықтары бойынша жалпы бюджеті 7,7 млрд теңгеден асатын 500-ге жуық ғылыми жоба іске асырылуда. Біздің ғалымдар 400-ден астам патенттер мен авторлық куәліктерге ие болды.

Университетте инновациялық жобалар іске асырылуда және аз сериалы өнімдер шығару бойынша 10-нан астам ғылымды қажетсінетін өндірістер құрылды.

Біздің ғалымдар COVID-19-дың алдын алуға белсенді қатысады. Сондай-ақ жергілікті өсімдік шикізаты негізінде дәрілік препараттардың аз тонналық өндірісі және дезинфекциялық жуу құралдарын шығару ұйымдастырылды. Жалпы, мұндай 100-ден астам жоба бар. Аталған жобалар сипатталған екі томдық кітап шығарды.

Жас ғалымдарды қолдау жүйесі жұмыс істейді, «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» конкурсы өткізіледі. Жыл сайын 15-ке жуық қызметкер талантты жас ғалымдарға берілетін мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері атанады.

Университетте студенттік ғылым дамып келеді. 2021 жылы «Фараби әлемі» конференциясы аясында студенттік үздік инновациялық жобалар (60-тан астам) байқауы өткізілді. ЖОО-ның 200 студенті Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың дипломына ие болды.

#### – Жастар саясаты – өте нәзік саясат. Олардың әлеуметтік ахуалы жайында не айтуға болады?

– Студенттеріміз әрқашан назарда. Университет басымдықтарының бірі – білім алушыларды әлеуметтік қолдау. Мыңнан астам студент оқу ақысына 10-25 пайыз жеңілдік алады. Бұл – әлеуметтік осал санаттағы және жоғары спорттық жетістіктері бар спортшылардың арасынан «өте жақсы» және «жақсы» оқитын студенттер, жоғары спорттық жетістіктері үшін оқу ақысына 10-нан 25 пайызға дейін жеңілдік алады.

Дарынды студенттерді қолдау үшін демеушілерді белсенді түрде тартып келеміз. Олардың легінде 650 білім алушыға стипендия төлейтін 50-ден астам ұйым мен компаниялар бар. Сондай-ақ дарынды студенттерді қолдау үшін демеушілік қаражатты белсенді түрде қарастырамыз.

Мүмкіндігі шектеулі студенттер жоғары стипендия алады. Денсаулығына байланысты проблемалары бар студенттерге тегін тамақтану талондары беріледі. Жетім балалар қатарындағы білім алушыларға материалдық көмек көрсетіледі және жатақханаларда тегін тұру ұсынылады.

Университетте студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі дамыған, студенттердің 40 пайызға жуығы қатысатын 30-дан астам студенттік ұйымдар бар. Сондай-ақ студенттердің белсенді позициясын қалыптастыруға ықпал ететін инновациялық жобалар кешені іске асырылуда: «Мен жастарға сенемін», «100 кітап», «Жасыл кампус».

#### – Корпоративтік басқару саласында өзгерістер бар ма?

– 2020 жылы қазақстандық мемлекеттік ЖОО-лар коммерциялық емес акционерлік қоғамдарға айналды. Корпоративтік басқарудың тиімді моделін қалыптастырудамыз. Тиімділікті арттыру мақсатында ОПҚ, білім алушылар мен қызметкерлердің университеттің негізгі бағыттары бойынша шешім қабылдауға қа-

тысуы үшін жағдайлар жасалады. Біз корпоративтік басқару жүйесіне қатысатын қызметкерлер үлесін 9 пайыздан 20 пайызға дейін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз.

#### – Цифрлық трансформация туралы не айтасыз?

– Университетте компьютерлік платформалар мен бағдарламалардың кең жүйесі бар. Мұның бәрі оқу үдерісін дәстүрлі және онлайн форматта ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасайды. Осы ретте елімізде цифрландырудың жаңа векторы белгіленді. Сондықтан біз университеттің бір-ыңғай цифрлық архитектурасын құрып жатырмыз.

#### – Қаржы көрсеткішін, оның ішінде кірісті көбейту үшін қандай жұмыстар жүргізілуде?

– ЖОО-ның қаржылық қызметінің басты мақсаты – білім алушылар мен оқытушы-профессорлық құрам үшін барынша қолайлы жағдай жасау.

Қаржылық тұрақтылықты арттыру мақсатында кіріс бөлігін ұлғайтып, шығыс бөлігін оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Нәтижесіз шығындар анықталып, азайтылады.

Инфрақұрылым объектілерін пайдалану бойынша бейінді емес бизнес-процестердің аутсорсингі жоспарланып отыр. Бұл материалдық-техникалық базаны дамыту жөніндегі бірінші кезектегі міндеттерді шешуге шоғырлануға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, мұның бәрі білім беру – ғылыми қызметтердің сапасын арттыруға және қызметкерлерді одан әрі ынталандыруға ықпал етеді.

#### – Студенттер қалашығының инфрақұрылымын дамытуға ерен күш жұмсап жатырсыз. Оның нәтижесін қалай елестетесіз?

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – бұл студенттер қаласы. Мұнда республиканың барлық өңірінен келген жастар оқиды. Университет кампусы бірыңғай кешенді ұсынады және 54 жылжымайтын мүлік объектін қамтиды. Оның ішінде: 18 оқу-зертханалық корпус және 5,4 мың орындық 17 студенттік жатақхана бар.

**Халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалар жеңімпаздарының саны 2,6 есеге өсті. Сонымен қатар Назарбаев зияткерлік мектептерінің түлектері үш есеге көбейді. Жалпы, өткен жылмен салыстырғанда дарынды жастарды тарту көрсеткіші 2,2 есеге артты. Әлемнің 50 елінен 2,4 мыңға жуық шетелдік студенттер білім алып жатыр. Біз 2025 жылы шетелдік студенттердің үлесін 25 пайызға дейін жеткізу міндетін қойдық. Бірқатар шетелдерде филиалдар ашамыз: Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Армения.**

Фимараттардың жалпы ауданы 311,9 мың ш.м. құрайды, оның ішінде:

- оқу-зертханалық корпус – 221,2 мың ш.м.;
- жатақхана – 90,6 мың ш.м.
- стадион және тоғыз спортзал бар.

Университетте жалпы ауданы 17 846,1 ш.м. және қоры 2 млн томнан астам әдебиет бірліктері жеке орналасқан кітапхана бар. Студенттер мен қызметкерлердің қауіпсіздігіне де ерекше көңіл бөлінеді. Барлық оқу корпусы мен жатақханаларда электрондық өткізу жүйелері енгізілді. Заманауи бейнебақылау жүйесі орнатылды. Интернет қолжетімді. Кампус аумағында толыққанды білім беру мен бос уақытты өткізуге арналған тұтас кешен жұмыс істейді:

- жаттығу залы, спорт алаңдары және секциялары бар спорт кешені;
- студенттерге арналған білім беру, медициналық және әлеуметтік-тұрмыстық қызметтердің кең спектрі қамтылған «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы. Сондай-ақ жеке кинотеатр бар.

1 қыркүйектен бастап дәстүрлі форматтағы сабақтар басталғандықтан, оқу корпусы санитарлық-эпидемиологиялық режим талаптарын толық сақтау үшін қажетті жабдықтармен және құралдармен жабдықталған.

Биыл біз инфрақұрылымды айтарлықтай жаңартамыз:

- косметикалық жөндеу жеті оқу фимаратында жүргізілді;
- үш оқу фимаратында күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуда;
- 14 жатақхана жөндеуден өткізілді, студенттерге қазіргі заманға сай жағдай жасалған, барлық жөндеу жұмыстарын сырттан мердігерлер тартпай, университет қызметкерлері орындады;
- компьютерлік техниканы жаңарту бойынша көптеген жұмыстар жүргізілді, 800 компьютер сатып алынды және факультеттерге берілді.

Кампустың аумағы абаттандырылуда. Биыл университет ұжымы 600-ден астам ағаш отырғызып, Елбасы аллеясын ашты.

Университетте білім беру мен ғылымның озық инфрақұрылымын жасауға бағыт алдық, біртіндеп бар мәселені шешпекпіз.

Біріншіден, жатақханалардың ескіргенін атап өткен жөн. Көпшілігінде пайдалануға берілгеннен бері күрделі жөндеу жүргізілмеген. Коммуникация жүйесі апаттық жағдайда. 15 мыңға жуық студент жатақханаға мұқтаж. Соңғы студенттік жатақхана 1991 жылы салынып, қолданысқа берілген. Екіншіден, оқу фимараттары да тозған. Аудиториялардың, оқу жиһаздары мен техникалық құрал-жабдықтардың физикалық және моральдық тозығы жеткен. Инженерлік желілер мен комму-

никацияның жағдайы өте нашар. Жаңа фимараттар мен аудиториялар қажет.

Кампусты дамытудың 2025 жылға дейінгі жұмыс жоспары жасалды. Онда жатақханалар мен оқу корпустарын қайта жаңарту және салу жұмыстары қарастырылды.

Білім және ғылым министрлігінің Қаржы орталығымен бірлесіп отырып, жатақханалар салу үшін инвестор тарту бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Оған қоса, бюджетке түсетін жүктемені төмендететін шетелдік инвестицияларды тартудың түрлі тетіктерін қарастырудамыз. Жалпы, университет ұжымы биыл көптеген жұмыстар атқарды. Болашаққа маңызды жоспарларымыз бар.

Өз университетімізді студенттер мен оқытушыларға барлық жағдай жасалатын заманауи кампус ретінде көреміз. Оқытушылар әлемнің үздік университеттерінде тағылымдамадан өтеді. ОПҚ мен ғалымдардың жалақысын көтеру және материалдық ынталандыру саясатын жалғастырамыз. Университет ғалымдары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлестерін арттырады. Магистранттар мен докторанттар озық ғылыми зерттеулерге белсенді қатысады. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру жаңа деңгейге көтеріледі. Университет қағаз оқулықтардың орнына планшеттер мен компьютерлерді қолдана отырып, цифрлық жүйеге көшеді. Студенттер қазірдің өзінде технопарк базасында гаджеттердің (планшеттердің) сынақтық құрастыруын бастады. Жаңа жатақханалар мен оқу фимараттары салынады. Студенттерге, оқытушылар мен қызметкерлерге қолайлы жағдай жасаймыз. Оқу фимараттары заманауи цифрлық технологиялармен және оқу жиһаздарымен жабдықталады. Әр аудитория цифрлық тақталар, панельдермен жабдықталады. Озық ғылыми зертханалар мен заманауи оқу орталықтарын құру жоспарлануда.

Университетте интеллигенциясына ерекше рөл береміз. Мемлекетіміздің әлеуметтік маңызды салаларына белсенді қатысатын боламыз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы нақты істер және жобалармен атап өтіледі. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында қазақстандық әрі шетелдік мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен дипломаттардың қатысуымен бірқатар ғылыми және практикалық іс-шаралар өткізілді. Тәуелсіздіктің қалыптасуындағы білім мен ғылымның ролі туралы кітаптар мен оқулықтар сериясын дайындап жатырмыз. Университет түлектері Қазақстан мемлекеттігінің дамуы мен қалыптасуына белсенді атсалысқанын атап өткім келеді.

Жалпы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың одан әрі дамуы еліміздің адами (интеллектуалды) капиталын және ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтуға бағытталуын қамтамасыз ету үшін бар күшімізді саламыз.

– Жансейіт Қансейітұлы, әңгімеңізге үлкен алғыс айтамыз. Жұмысыңызға сәттілік тілейміз.

Сұхбаттасқан  
Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ



# Мақсат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департамент басшысы Мұрат Ахметовпен кездесті.

Кездесу барысында ЖОО басшысы Ж.Қ.Түймебаев 2018 жылдың сәуір айында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ғылыми-білім беру кластері шеңберінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар» ҒЗИ құрылғанын атап өтті.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің білім беру саласындағы салалық жобаларының бірі – «Sanaly ugraq» Республикалық жобалық кеңсесі.

«Sanaly ugraq» Республикалық жобалық кеңсесі мен университеттің бірлескен жұмысы аясында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Sanaly ugraq» Республикалық жобалық кеңсесі мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар» ҒЗИ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында парасаттылық және адалдық қағидаттарына оқыту бойынша білім беру саласындағы әрбір нысаналы топ үшін сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Сондай-ақ оқу орындарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша да әдістемелік ұсынымдар әзірленіп енгізілді.

Сонымен қатар білім беру үдерісінде кеңінен қолданылатын «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері» атты мультимедиялық электрондық оқулық дайындалды.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Парасатты қала туралы ертегі» атты мультипликациялық анимациялық фильм шығарылды.

Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Академиялық адалдық кодексі, университеттің комплаенс-қызметі туралы ереже әзірленіп енгізілді. ЖОО-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиясы туралы ереженің жобасы даярланды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ алғашқылардың бірі болып «Адалдық дүкені», «Парасат» өнегелік мектебін ашты.

Биыл университет алғаш рет



«Sanaly ugraq» Республикалық жобалық кеңсесімен бірлесіп студенттерге арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мектебін» өткізуге бастамашылық жасады. Мектеп жұмысына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласында білім алатын 500-ге жуық студент қатысады деп жоспарлануда.

Өз кезегінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Мұрат Ахметов университеттің жоғары кадрлық әлеуетін атап өтіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мәселелері бойынша өзара табысты ынтымақтастықтың жалғасатынына үміт білдірді.

Кездесу нәтижесінде «Sanaly ugraq» жобасы аясында

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ 2021-2022 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарына қол қойылды.

ҚазҰУ-ға арнайы сапары барысында сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Мұрат Ахметов «Керемет» СҚКО, Жағдаяттық басқару орталығының жұмыстарымен танысып, заң факультеті және «Sanaly ugraq» Республикалық жобалау офисінде болып, білім ордасының студенттерімен кездесті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

## Стамбулдағы білім көрмесіне қатысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркияның Стамбул қаласында өткен Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Жаһандану өркениетіндегі қазақ әлемі» атты қазақтардың кіші құрылтайына қатысты.



Іс-шара аясында Түркия мен Еуропа елдерінен қазақ қауымдарының 100-ден астам өкілі, Қазақстанның мәдениет мекемелері мен жоғары оқу орындарының өкілдері шетелдегі қазақ диаспорасының өзекті мәселелері бойынша талқылаулар өткізіп, пікір алмасты.

Қазақ университеті құрылтай аясында өткен Білім көрмесіне белсене қатысты. Көрме қатысушыларына университетке, ғылымға, оқу үдерісіне, студенттік өмірге арналған стендтер мен бейнематериалдар көрсетілді.

Сондай-ақ қатысушылар үшін қазақстандық мұра-

жайлар мен жоғары оқу орындарымен бірлесіп, «Алтын тамырлы атажұрт» көрмесі, Стамбул қаласының Бағдылжар ауданында танымал спортшы Мұстафа Өзтүрік атындағы саябақтың ашылуы сынды мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар шетелдердегі іскерлік қазақ қауымдастық өкілдерімен кездесу аясында «Алыстағы ағайын» деректі фильмі көрсетіліп, Қарағанды облысынан Тәттімбет Қазанғапұлы атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің қатысуымен гала-концерт ұйымдастырылды.

Өз тілшімізден

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «30 жылдыққа – 30 апталық» бағдарламасы аясында БҰҰ-ның Алматыдағы Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі және Қазақстандағы Ақпараттық бюро жетекшісі Властимил Самек көшбасшылық дәріс оқыды. «Бейбітшілікті құру мен сақтаудағы қазіргі жастардың рөлі» тақырыбындағы дәріске оқытушылар мен білім алушылар офлайн және онлайн қатысты.

## Жастар – дамудың қозғаушы күші


Дәріс ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Халықаралық бейбітшілік күні және Ядролық қаруды толық жоюға бағытталған халықаралық күннің мәні мен маңызына негізделді.

Жиынды ашқан оқу орнының әлеуметтік даму жөніндегі проректоры м.а. Әлия Масалимова ҚазҰУ мен БҰҰ арасындағы жемісті ынтымақтастық жетістіктеріне тоқталды.

Қарашаңырақ 2011 жылы Орталық Азия университеттері арасында алғашқы болып «Академиялық ықпал» – UNAI бағдарламасына қосылды. ҚазҰУ – БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының жаһандық хабы. Университет әлемдік академиялық қоғамдастықты біріктіріп, адамзаттың тұрақты дамуының 17 мақсатын іске асыруға атсалысуда.

БҰҰ өкілі өз кезегінде көшбасшы оқу орнына деген зор құрметін білдіріп, бейбітшілік пен халықаралық келісім идеяларын насихаттай отырып, жастардың жарқын өзгерістердің қуат күші екенін баса айтты.

Сарапшы: «Әлемдік саясатта қозғалыстың белгілі бір тетігі – жастар. Олар әрқашан прогресс



тасымалдаушысы болды. Қазіргі жастарда қажеттінің бәрі бар: ақпаратқа еркін қол жеткізе алады, әлемде не болып жатыр, бәрін біле алады, еркін талқылап, сұрақтар қоя алады. Сіздерге Мемлекет басшысы, саясаткерлер, профессорларыңыз жауап береді және басқа елдегі замандастарыңызбен пікір бөлісе аласыздар», – дей келе, Малала Юсуфзайдың адам құқықтары жөніндегі және Грета Тунбергтің экологиялық бастамаларын мысалға алды. Қазақстанда тәуелсіздікке дейінгі кезеңде пікір білдіру біршама қиын болғандығын айтып, өскелең ұрпақты белсенді болуға, болашақты бағдарлауға жауапкершілікпен қарауға үндеді.

Властимил Самек дәрісте

Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту шешімінің әлем жұрты үшін маңыздылығына мән беріп, алапат қарудың адамзатқа тигізер зардабына тоқталды. Сонымен қатар бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін халықаралық ұйымдарға жастар жиі жүгіне-

тінін мәлімдеп, олардың қатысуымен инновациялар пайда болатынын жеткізді. Қоршаған ортаны қорғау, елдің экономикалық және әлеуметтік дамуы сынды өзекті мәселелерді шешудегі жастар белсенділігі жайлы жан-жақты әңгімеледі.

Сондай-ақ кездесуде жастар елімізде және әлемде болып жатқан түрлі жағдайларға байланысты сұрақтар қойып, шешу жолдарын талқылады.

Шара ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы өкілдігі арасындағы ұзақ мерзімді серіктестік аясында жүзеге асты.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

# Ұстаз – ұрпақ тәлімгері

**Әлемнің 100-ден астам елі қазан айының басында Дүниежүзілік ұстаздар күнін атап өтеді. Бұл – жалпы білім беру саласындағы қызметкерлердің кәсіби мерекесі. Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаев «Алты алаштың баласы қосылса, төр – мұғалімдікі» деп өткен ғасырда айтып кеткен екен.**



Осы орайда, қарашаңыраққа айтулы мереке өз деңгейінде өтті. Оқытушылар арасында «Китар а!» дүкеніне 10 мың теңгелік 60 сертификат таратылды. Мұның өзі білімнің тұңғығына терең сүңгітін ұстаздар қауымы үшін тамаша сый болары сөзсіз. Ал әлеуметтік желіде белсенді студенттер мен қонақтар арнайы безендірілген «Ұстаздарға мың алғыс!» фотоаймағында естелік суретке түсті. Сонымен бірге жастық жалынымен, тұнып тұрған талантпен өзіне баурап алатын әнші студенттер «Гитара

PARTY» барысында оқытушыларына деген ыстық ықыласын әсем әуенмен жеткізді.

ҚазҰУ – ғылымға бет бұрған, тәлімі мен тәжірибесі мол ұстаздардың ордасы. Сөзіміздің дәлелі – «Университеттің үздік оқытушысы – 2020» байқауында марапатталған оқу орнымыздың ұстаздары. Бүгін оқырман назарына республика бойынша 623 үміткердің арасынан озып шыққан 150 жеңімпаздың қатарынан табылған оқытушыларымыздың жүрекжарды тілектерін ұсынбақпыз.

## Әлемдік білім кеңістігіне шығу – басты мақсат

*Ұстаз, ұстаз!  
Осы сөзде жатыр қанша  
ұлылық,  
Осы сөзде таусылмайтын  
жылылық,  
Әл-Фараби, Ыбырай мен  
Ақанды  
Осы сөз гой, қойған бізге  
ұлы қып.*

*Ұстаз шебер тезге салып  
жөндейтін,  
Тентектерді ақылменен  
«емдейтін»,  
Болса-дағы малға кедей  
өмірде  
Бар байлығым шәкірттерім  
сен дейтін!*

Дүниежүзілік ұстаздар күні алғаш рет 1994 жылдың 5 қазанында тойланған. Қазіргі таңда Қазақстан, Әзірбайжан, Белоруссия, Қырғызстан, Латвия және Украина елдері бұл мерекені қазан айының алғашқы жексенбісінде тойлап жүр.

Ұстаз – ұлы тұлға. Ал оның еңбегі – өлшеусіз, баға жетпес құндылық. Оның еңбегі әкімді

де, қараны да, ғалымды да, дарынды да – бәрі-бәрін өз биігіне көтереді. Ұрпақ тәрбиесі жолында қызмет етіп келе жатқан мұғалімдер мен оқытушылардың ата-анадан кейінгі атқарар рөлі ерекше.

Тәуелсіз мемлекетіміздің басты құндылығы – білімді адам. Тек өз Отанымыздағы білім үрдісімен шектеліп қалмай, әлемдік білім кеңістігіне шығу жолындағы қадамдарымыздың өзі бәсекелестіктің бағын ашатыны сөзсіз. Еліміздің Білім және ғылым министрлігі және университетіміздің ғылым мен білімге айрықша көңіл бөлуі нәтижесінде оқытушылардың, жас ғалымдардың дамуына жол ашылууда. Атап айтқанда, оның ішінде мемлекеттік білім мен ғылым саласындағы байқаулар, шетелге тағлымдамаға шығу мүмкіндіктері, университет ішіндегі «Үздік жас ғалым» және т.б. байқаулар мен қолдаулар бар. Мұның барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, оқытушылар мен

жас ғалымдардың әлеуметтік мәртебесін жоғарылатуға ықпал ететіні сөзсіз.

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы, сіздерді мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Мықты денсаулық, шығармашылық табыс, ізгі махаббат пен мейірім тілеймін!

Барлық ұстаз қауымына ісімен, сөзімен егемен еліміздің болашағын ойлайтын, тәуелсіздігін қорғайтын білімді ұрпақтың тәлімгері болып адал қызмет етуді тілеймін. Қазіргі таңда әлем бойынша бастан кешіп жатқан пандемия тоқтап, болашағымыз жарқын болсын!

**Сымбат ҚАБДРАХОВА,**

*Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың  
ақпараттық  
технологиялар факультеті  
Информатика  
кафедрасының аға  
оқытушысы, ф.-м.ғ.к.*



## Жаңа уақыт – жаңа талап

Әріптестерімді кәсіби мерекені құттықтай отырып, жас ұрпаққа білім беру жолындағы еңбектеріне табыс тілеймін.

Бұл мереке біздің ұстаздарымызға деген шынайы ризашылығымызды білдіруге, мейірімді, әділ және адамгершілікке үйреткен алғашқы тәлімгерлерімізді еске алуға тамаша мүмкіндік береді.

Ұстаз еңбегі абыройлы, жауапты және қиын. Дәл осы ұстазға жас ұрпақтың тәрбиесі, демек, бүкіл еліміздің болашағы сеніп тапсырылған.

Жаңа уақыт жаңа талаптар қояды. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің дамуы білім беру жүйесінің әрі қарай дамуына тікелей байланысты болып отыр. Оқытушылар күнделікті қажырлы еңбегінің арқасында жоғары білімді, адамгершілігі мол және патриот азаматтарды тәрбиелеп, олардың кәсіби даму келешегін қалыптастырады, соның нәтижесінде ел болашағының іргетасын қалайды.

«Оқытушы өзінің білімін үздіксіз жетілдіріп отырғанда ғана оқытушы, ал ол оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның оқытушылығы жойылады», – деп К.Ушинский айтқандай, оқытушы кәсібі

үнемі ізденісті, біліктілікті көтеруді, өзін-өзі жан-жақты дамытуды қажет етеді.

Оқытушының кәсіби құзыреттілігі білім беру нәтижесін қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады және ол еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандарды дайындай отырып, қоғамның сапалы дамуына әсер етеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – осындай білікті мамандарды даярлайтын еліміздің жоғары білім ордаларының қарашаңырағы.

Құрметті университет оқытушылары!

Сіздер өздеріңіздің адалдығыңызбен, тынымсыз еңбегіңізбен және үздіксіз шығармашылық ізденісіңізбен ертеңгі күннің іргетасын қалап жатырсыздар. Сіздерге мамандықты игеруде ізденімпаз, шығармашылыққа бейім шәкірттер, шығармашылық табыстар мен кәсіби жетістіктер тілеймін!

**Гүлнәр НУСПОВА,**

*Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың  
География, жерге  
орналастыру және кадастр  
кафедрасының меңгерушісі,  
ғ.ғ.д., профессор*

## Ардагерлерге әлеуметтік көмек берілді

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Халықаралық қарттар күніне орай, бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылып, қазыналы қарттар қауымына әлеуметтік көмек көрсетілді.**



Білім ордасы қарашаңырақтың өркендеуіне сүбелі үлес қосқан ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесі мүшелерін арнайы құттықтады. Олар – ҚР Мемлекеттік сыйлығының және Қ.Сәтбаев атындағы сыйлықтың лауреаты, профессор Зұлхайыр Мансұров, профессорлар Өтеғали Шеденов, Берікбай Сағындықұлы, Ажар Жұбанова және басқада көрнекті қайраткерлер.

Қарттар күніндегі қолдаудың мақсаты – білім мен ғылымның дамуына сүбелі үлес қосқан ардагер ұстаздарға құрмет көрсету және алғыс білдіру.

Сонымен қатар ҚазҰУ-дың «Көмек» еріктілер ұйымының бір топ студенттері Бостандық

ауданында тұратын жалғызбасты сегіз қарияны арнайы құттықтап қайтты. Еріктілер қариялардың үйін, ауласын тазалап, дүкеннен қажетті заттарды әкелумен қатар, материалдық көмек ретінде азық-түлік себетін тапсырды.



Сондай-ақ студент-жастар мен оқытушылар, ҚазҰУ-дың «Парасат» қызметкерлері кәсіподағының мүшелері Алматы қаласындағы №3 қарттар үйінің тұрғындарын құттықтап, «Сұңқар» студенттік кәсіподақ өнерпаз-

дары дайындаған концерттік бағдарлама ұсынылды. Сонымен қатар университет өкілдері азық-түлік себетін сыйға тартты.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**

**Шыбындар экологиялық мәселелерді шешуге көмектесуде. Ғылыми атауы – *Hermetia illucens*, ал адамдар арасында «қара сарбаз» деп аталатын шыбынның дернәсілдері органикалық қалдықтарды табиғи таза тыңайтқышқа айналдырып қана қоймай, ақуыздарға бай құрама жемдерді жасауда таптырмас дүние болып табылады. Бүгінде әлемнің көптеген елдерінде Оңтүстік Америкада кездесетін қара шыбынның құрттарын өндіру қарқынды өсіп келеді.**

тонна органикалық қалдықтан 400-600 келі зоогумус және 100-200 келі ақуыз массасы (құрттар) алынады. Утилизацияға әкелінген органикалық қалдықтарда құрт қулытурасының тіршілік әрекеті есебінен бактериялық көбею бес есе, ал патогенді микроорганизмдердің саны 28,5 есе тө-

тыңайтқыш мұндай зиянкестерден ада.

– Құс фермаларында ай сайын мыңдаған тонна қалдықтар шығарылады. Күніне кем дегенде 100-150 келі қалдықты өңдеу үшін 20-50 келі шыбын дернәсілі қажет. Бұл құрттар тек тағам қалдықтары ғана емес, мал мен

зоогумус салсаңыз жеткілікті. Тағы бір айта кетерлігі, жергілікті шыбындармен салыстырғанда «қара сарбазда» токсинді заттар болмайды. Өйткені олар тек сумен қоректенеді, – дейді Ермек Тауасаров.

Ғалымдардың құстарға, шошқаларға, балықтарға, егеуқұй-

# Қалдықсыз технологияның «қара сарбазы»



шашып отырамыз. Шыбынның жұмыртқасы құртқа айналу үшін жеті күн уақыт кетеді. Олар тамақ салынған арнайы ыдыста өседі. Қорегі 1/3 қатынаста кебек пен қалдықтардан дайындалады, – дейді жылыжай маманы Сабыр Темірбаев.

Қазір көптеген адамдар азық-түліктің экологиялық таза болуы керек екенін түсінеді. Осындай биопірінді араласқан топырақ құнарлы болып қана қоймай, өнімділігі де 2-3 есеге артады, одан да көп болуы мүмкін. Батыс елдерінде «қара сарбаз» шыбынынан алынған зоогумуста өсірілген көкөністер көңге немесе минералды тыңайтқыштарға қарағанда әлдеқайда қымбат.

Табиғи таза тағам түрлерін тұтынса, экологияның теріс әсеріне қарсы тұруға көмектесетін биологиялық белсенді заттар адам бойына жеткілікті дариды. Технопарктегі «Зоогумус өндірісі» жобасының сипаттамасында: «Тіршілік процесінде құрттар субстратты толық ақуызға (құрттарға) және түйіршікті экологиялық таза тыңайтқыш – зоогумусқа айналдырады. Дайын өнімнің көлемі субстраттың түріне және құрттардың өмір сүру жағдайларына байланысты 40-60 пайызға жетеді. Яғни бір

**Қарапайым тілмен айтқанда, «қара сарбаз» шыбындарының дернәсілдерінен алынған зоогумус малдың немесе шошқаның тезегінен дайындалған тыңайтқыштарға қарағанда қауіпсіз. Өйткені екіншісінде гельминттер мен патогенді (ауру туғызатын) микроорганизмдердің жұмыртқалары кездеседі. Ал оқу ордасында дайындалатын органикалық таза тыңайтқыш мұндай зиянкестерден ада.**

мендегенін атап өткен абзал. Сондықтан бұл технологияны зарарсыздандырудың биологиялық әдісі ретінде қарастырған жөн» делінген.

Қарапайым тілмен айтқанда, «қара сарбаз» шыбындарының дернәсілдерінен алынған зоогумус малдың немесе шошқаның тезегінен дайындалған тыңайтқыштарға қарағанда қауіпсіз. Өйткені екіншісінде гельминттер мен патогенді (ауру туғызатын) микроорганизмдердің жұмыртқалары кездеседі. Ал оқу ордасында дайындалатын органикалық таза

құстың тезегін де өңдей береді. Бірақ ол кезде өсу циклі аздау болады, тез жетілмейді. Өйткені тезектің құрамында аммиак, азотты қоспалар көп. Өсіп жетілген құрттар қуыршаққа айналып кебеді. Қазіргі таңда қоректік зат ретінде әртүрлі қалдықтармен тәжірибе жасап жатырмыз. Мысалы, нанды кебекпен араластырып бергенде құрттар тез өсіп жетілетінін байқадық. Зоогумустың басты артықшылығы – оның құрамында макро, микро элементтер көп әрі концентрациясы өте жоғары. Мысалы, 10 литр суға 20-40 гр

рықтарға және басқа заттарға жүргізген зерттеулері құрттардың ұны тағамдық құндылығы жағынан ет пен сүйектен және балық ұнынан кем түспейтінін көрсетті. Бұл ретте тамақ өнімдерінің шығындары 40 пайызға дейін қысқарып, өзіндік құны 33 пайызға дейін төмендейді.

Мамандардың айтуынша, шыбын дернәсілінен алынған зоогумуста өсімдіктер тікелей сіңіретін көптеген қоректік заттар, дәрумендер, антибиотиктер, аминқышқылдар мен пайдалы микрофлора жинақталған. Ол топырақтың физика-химиялық қасиеттерін жақсартады. Әрі қоректік заттардың шайылып кетуіне жол бермейді, зиянды тұздар мен фитотоксикалық элементтердің, радионуклидтер мен ауыр металдардың әсерін азайтады. Топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру қабілеті бойынша бір тонна зоогумус 15 тонна көңді алмастырады. Мәселен, бір гектар алаңға 3-6 тоннасы жеткілікті. Зоогумустың артықшылығы – бұл өрістерде арамшөптердің көбейіп кетуіне жол бермейді. Ал кәдімгі көңді тыңайтқыш ретінде пайдаланса, сол жердегі арамшөптердің үлесі 30 пайызға артады.

Сонымен қатар зоогумустағы гумин қышқылдарының мөлшері қарашірікке қарағанда 1,5 есе жоғары, биогумуспен салыстырғанда фульво қышқылдарының мөлшері төрт есе көп.

Мұндай тиімді технологияны ауыл шаруашылығында пайдалану бірнеше түйткілді мәселенің түйінін шешпек. Біріншіден, полигондарға тоғытылып жатқан тұрмыстық қалдықтарды азайтса, екіншіден, химикаттармен лас-танған аграрлық аймақтар мен ағын суларды табиғи қалпына келтіруге мүмкіндік тумақ.



# Перспективы прикладной науки в КазНУ

**Перспективы прикладной науки и образования в Казахстане напрямую связаны с их коммерциализацией, т.е. с инновационной деятельностью. Инновационная научная деятельность является реальным проявлением структурных комплексных преобразований внутри научных организаций и университетов, напрямую заинтересованного в интеграции с производством, определяющего направление поиска организационных форм и современных моделей управления процессом внедрения результатов научных разработок, адекватных рыночно-ориентированной экономике.**

Поэтому в настоящее время повышается роль университетов в формировании инновационного пути развития казахстанской экономики, где отдельно акцентируется внимание на формах интеграции науки и производства в университетских комплексах и структурах. Структуру инновационного процесса можно представить в виде фундаментальных и прикладных исследований, опытно-конструкторских работ, внедрения новшеств, освоения в производстве разработок, выход на рынок.

Сегодняшние исследовательские университеты – это не только образование и наука, но и центры инновационной активности и генераторы новых знаний и технологии. И хотя основной деятельностью университета остается образование, необходимо предпринимать шаги по поддержке предпринимательства и регионального развития, успешная коммерциализация технологии – это не только культура предпринимательства, но и стык междисциплинарных программ.

На факультете химии и химической технологии в 2018 году открылась образовательная программа технология фарма-

цевитического производства (ТФП), симбиозом которой является химия и фармацевтика, по программе нанотехнологии и наноматериалы читаются дисциплины модуля основ биотехнологии, наноинженерии в биотехнологии, компьютерного моделирования наноструктур и индустрии бионаносистем. Студенты учатся строить физико-химические модели изучаемых явлений в медицине, подбирать экспериментальные методы и электронную аппаратуру, оценивать состоятельность применения нанотехнологических разработок в медицине.

Учебные курсы формируют теоретические основы применения в биомедицине новых высокотехнологичных наноматериалов с бионаноконструкциями. Рассматриваются: нанодиагностика с помощью сканирующих микроскопов высокого разрешения, атомно-силового микроскопа для визуализации и подсчета белков и их комплексов, диагностические системы для выявления маркеров заболеваний, молекулярные детекторы, оптический биосенсор.

Студентами изучаются принципы молекулярно-генетических процессов и явлений, а также их



BIO LIFE – первый отечественный энтеросорбент

значение в биотехнологическом процессе, теоретико-методологические основы понимания принципов использования нанотехнологий для изучения живых объектов. Рассматриваются объекты и методы нанобиотехнологии, основные направления использования наночастиц в биологии и медицине, типы наночастиц, взаимодействия наночастиц с биомолекулами и механизмы их проникновения в клетки.

Междисциплинарность позволяет студентам применять методы моделирования с использованием современных программных средств для решения основных задач применительно к моделированию наносистем. Рассматриваются: квантовое описание структуры атомного мира, моделирование строения многоэлектронных атомов, моделирование молекулярных систем, межмолекулярные взаимодействия, примеры молекулярного моделирования наноструктур.

Полученные знания в образовательном процессе позволяют студентам претворять их в научно исследовательской сре-

де, с лично ориентированным и проектно ориентированным подходом с практическим применением. Установившаяся иммунная система защиты организма человека оказывается не в состоянии бороться со всё возрастающим потоком самых разнообразных веществ, как органического, так и неорганического происхождения. Попадание в организм любого чужеродного вещества, даже в минимальном количестве, не проходит бесследно. В итоге на фоне постоянного увеличения содержания токсинов в окружающей среде, накопление их в организме приводит к нарушению или перенапряжению функциональных систем детоксикации.

По инициативе сотрудников КазНУ им. Аль-Фараби совместно с медицинскими организациями Казахстана и зарубежными партнерами подготовлены и апробированы специальные лаборатории по выпуску остро необходимых для здравоохранения республики препаратов: картридж для очистки крови с углеродным гемосорбентом, в виде многоканального моноблока ламинарного течения УТ

-1, сорбционно-бактерицидная повязка «Айболит» и капсулы с энтеросорбентом Bio Life.

Новизна технологии заключается в уникальном составе и структуре углеродсодержащих наноструктурированных сорбентов. Синтезированный сорбент имеет оптимальную структуру пор в макро- мезо- и наноразмерной области. Это определяет универсальность и быстроту действия препаратов, его высокую сорбционную емкость и низкую дозу применения. Принципиальным отличием изделий от существующих аналогов является, то что углеродсодержащие наноструктурированные сорбенты имеют натуральное происхождение, высокую эффективность, содержание природного диоксида кремния, наличие мезопор, отсутствие генно-модифицированных объектов и каких-либо искусственных ингредиентов.

Результаты работ имеют Евразийский, Европейский и Казахстанский патенты и авторские права на продукцию. Изделия имеют низкую себестоимость и высокую степень коммерциализации внутри республики и за ее пределами. Таким образом, для разработки технологии синтеза современного инновационного медицинского изделия крайне необходимы специалисты в смежных областях химии и медицины, участвующие в лечебно-диагностическом процессе и являющиеся разработчиками новых препаратов для медицины.

**Марат ТУЛЕПОВ,**  
заведующий кафедрой  
химической физики и  
материаловедения

**В театре традиционного искусства «Алатау» прошли полуфиналы Официальной лиги BAS LIGA KBH Международного Союза KBH. В двух полуфиналах приняли участие 10 команд.**

## Наши вышли в финал!

В первой подгруппе играли: Сборная города Петропавловск «Север»; Сборная Жуалинского района «С акцентом»; команда с города Актау «Каспий Голд»; Сборная колледжа АйСиБи «Гани, Мағжан, Жалғас, Дархан, Алтынай» и команда, которая представляет Казахский национальный университет имени Аль-Фараби «Простая сборная». Команды показали свое творчество в трех конкурсах – это



Приветствие, Биатлон и Фристайл. По итогам конкурсов вторым местом в первой подгруппе в финал прошли команды KBH «С акцентом» и «Север» и с первым местом прошла команда Казахского национального университета имени Аль-Фараби «Простая сборная». Во второй подгруппе играли: Сборная Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И.Сатпаева «Жыланы»; команда KBH представляющая Костанайский филиал Челябинского государственного университета «Дети 90х»; Сборная Иннова-

ционного евразийского университета города Павлодар «Бикини Ботом»; команда KBH из города Талдыкорган «Талдык» и команда, которая представляет ТОО «АмирКазСтрой» «КазахАмир». Сэтой подгруппы прямиком в финал со вторым местом прошли команда KBH из города Талдыкорган «Талдык» и с первым местом, показав лучший результат полуфиналов этого сезона, «КазахАмир».

Капитан команды KBH «Талдык» Серікбай Орынбасар делится своими впечатлениями об игре: «Игра прошла на высшем уровне, прям как Высшая лига Маслякова. Опыт Еркебулана Мырзабека – ведущего лиги, очень сильно помогает команде. Многие команды, как мы, например, пришли в BAS LIGA из казахского KBHа, который называется Жайдарман, и у нас возникали трудности именно в понимании и написании русского юмора. Но спасибо редакторам – Марату Оралгазину и Рустему Омарову, которые имеют индивидуальный подход к каждой команде. Благодаря тому, что они поверили в нас, мы сумели поверить в себя и пройти в финал. Спасибо всем организаторам BAS LIGA!»

Соб.к.рр.



# Келелі жиынның көрнекті сәттері



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев онлайн және офлайн форматта есептік кездесу өткізді.

Білім ордасының басшысы университеттің білім беру және ғылыми-зерттеу жұмысы, инфрақұрылымын жаңғырту және әлеуметтік мәселелері туралы баяндады. Жетекші университеттің биылғы басты нәтижелері мен жетістіктері талданып, алдағы даму жоспары таныстырылды.




Жиынға ҚР Президенті әкімшілігі, Парламент депутаттары, Үкімет мүшелері, мемлекеттік құрылымдар мен елшіліктер, ЖОО ректорлары, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшелері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, жергілікті қала, аудан әкімдіктері, ақсақалдар кеңесінің мүшелері, мектеп ұстаздары мен универ-

ситеттің профессорлық-оқытушылар құрамы, білім алушылар, жұмыс берушілер, ата-аналар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Университет ғимараттарын жаңғырту жоспары да бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бүгінде университет кампусы мен ғимараттары күрделі жөндеуден өтуде. Бұдан бөлек, алдағы жылдары студенттер үшін жатақханаларды, оқу корпустарын және оқытушылар мен қызметкерлер үшін қызметтік тұрғын үйлерді салу және реконструкциялау жоспарланған.

**Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**

**Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
(фото)



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы - Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ

**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.